

## **Гидрометеорология және табиғи ортаның ластануы жөніндегі республикалық қор туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 12 мамыр 1993 ж. N 378. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Гидрометеорология және табиғи орта ластануының жай-күйі саласындағы бақылау, экспедициялық жұмыстар, ғылыми-зерттеулер құжаттарын жинаудың, есепке алудың, сақтаудың, пайдаланудың қажеттілігі мен маңыздылығын ескеріп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Гидрометеорология жөніндегі бас басқарманың бұрынғы КСРО Гидрометеорология және табиғи ортаны бақылау жөніндегі мемлекеттік комитетінің Гидрометеорология жөніндегі мемлекеттік қорының Қазақ бөлімін Гидрометеорология және табиғи ортаның ластануы жөніндегі республикалық қор етіп қайта құру туралы ұсынысы қабылданын.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Гидрометеорология жөніндегі бас басқарма гидрометеорология және табиғи ортаның ластануы жөніндегі қордың жұмыстарын ұйымдастыратын болсын.

3. Гидрометеорология және табиғи ортаның ластануы саласында жұмыс жүргізетін Қазақстан Республикасының министрліктеріне, мемлекеттік комитеттеріне, басқа да шаруашылық субъектілеріне меншік нысандарына қ а р а м а с т а н :

Қазақстан Республикасының Министрлер кабинеті жанындағы Гидрометеорология жөніндегі бас басқарма белгілеген ережелерді сақтай отырып, Гидрометеорология және табиғи ортаның ластануы жөніндегі республикалық қорға бақылау, ғылыми-зерттеу, экспедициялық жұмыстардың, оның ішінде Каспий мен Арал теңіздерінің ашық бөліктеріндегі жұмыстардың құжаттарын дер кезінде сақтауға беретін болсын;

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасында су шаруашылығы органдарының уақытша және пайдаланушы постарынан басқа олардың қарауындағы гидрометеорологиялық станцияларды тіркеп, осы басқарманың

әдістемелік нұсқауларына сәйкес гидрометеорология және табиғи ортаның  
ластануын бақылау саласындағы жұмыстардың жоспарлары мен бағдарламалары  
онымен келісетін болсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК